

№ 14 ХАТТАМА

Қызылорда қаласы Жахаев көшесі №11 мекен-жайында орналасқан №6 оқу ғимаратындағы студенттік асхананы жалға беру жөніндегі конкурстық комиссияның қорытындыларын шығару туралы

Қызылорда қаласы

«27» тамыз 2022 жыл

«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ Басқарма төрағасы-ректорының 2021 жылғы 10 ақпанындағы тұрғын емес үй-жайын жалға беру бойынша конкурс өткізу туралы №66-а бұйрығына сәйкес құрылған Комиссиямен Жахаев көшесі, №11 мекен-жайында орналасқан №6 оқу ғимаратындағы студенттік асхананы жалға (жалдауға) беру мәселесі бойынша отырыс өткізілді.

Күн тәртібі: Тұрғын емес үй-жайларды мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру жөніндегі конкурстық комиссияның отырысы.

Конкурстық комиссияға қатысқандар:

Комиссия төрағасы: Н.Ж.Уразбаев – Стратегиялық даму және қаржы жөніндегі проректор
Төраға орынбасары: Ж.Н.Базартай – Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор

Комиссия мүшелері:

Н.К.Рабатова – Бас есепші

С.М.Ильясова – Құқықтық қамтамасыз ету және мемлекеттік сатып алулар бөлімінің басшысы

А.Ш.Шыңғысбаев – Экономика және жоспарлау бөлімінің басшысы

Комиссия хатшысы:

Г.М.Тұрар – Экономика және жоспарлау бөлімінің экономисі

Конкурстық өтінімдерді қарау жері: Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, №29А 216 кабинет.

1. Өтінімдер салынған конверттерді соңғы мерзім аяқталғанға дейін келесі әлеуетті қатысушылар ұсынды

№	Қатысушылар	Тапсырған күні, уақыты	Инвестиция бағасы	Жалға алу бағасы
1	ЖК «Алимкулов»	25.08.2022 ж, 18:07	4 413 120 (төрт миллион)	60 000 (алпыс мың) теңге

2. Қабылданбаған өтінімдер жоқ.

3. «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ тұрғын емес үй-жайларды мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру ережесінің 6.6 тармағына сәйкес егер конкурсқа қатысу үшін өтінімді тек бір ғана әлеуетті қатысушы берген немесе оған қатысу үшін бірде-бір өтінім берілмеген жағдайда, объектіні жалға беру туралы мәселені қарау жөніндегі конкурс өткізілмеді деп танылады.

4. «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КЕАҚ тұрғын емес үй-жайларды мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру ережесінің 7.1 тармағына сәйкес егер конкурс өткізілмеді деп танылған жағдайда, негіз бойынша екіден кем өтінім ұсынылса, Жалға беруші жалғыз әлеуетті қатысушыға шарт жасасу ұсынысын жасап хат жолдайды.

Комиссия ШЕШТІ:

1) Тұрғын емес үй-жайларды мүліктік жалдау (жалға алу) шартын жасау мақсатында ЖК «Алимулов» Қызылорда к., Белкөл, 2 линия, №35 Б мекен-жайында орналасқан жалғыз әлеуетті қатысушы болғандықтан ЖК «Алимулов»-қа тұрғын емес үй-жайларды мүліктік жалдау (жалға алу) келісім шартын жасау жөнінде хат жіберілсін.

2) Конкурсты ұйымдастырушы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті КЕАҚ 2022 жылдың 1 қыркүйектен бастап студенттер мен қызметкерлерді тамақтандыруды ұйымдастыру мақсатында тұрғын емес үй-жайларды мүліктік жалдауға (жалға алу) шартын 2023 жылдың 30 маусымға дейін жасалсын. (Ұсынылған инвестиция орындалған кезде шарттың мерзімін 2029 жылдың желтоқсан айына дейін ұзарту мүмкіндігі қарастырылсын).

3) Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті КЕАҚ комиссия хатшысы асхананың тұрғын емес үй-жайын мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру қорытындылары туралы осы хаттаманың мәтінін университеттің интернет-порталына орналастырсын.

Осы шешімге дауыс бергендер:

Жақтап - 5 дауыс

Қарсы – 0 дауыс

Қалыс қалғандар – 0 дауыс

Комиссия төрағасы:




Н.Ж.Уразбаев

Төраға орынбасары:




Ж.Н. Базартай


Комиссия мүшелері:



Н.К. Рабатова



С.М.Ильясова



А.Ш.Шыңғысбаев

Комиссия хатшысы:



Г.М.Тұрар